

Бекітемін: 

«Нұрбөбек» мектепке
дейінгі ұйым
менгерушісі М.У.А
М.Ж.Искакова

2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«БАЛБӨБЕК» кіші тобы

Музыка жетекшісі: Ж.Б. Абдуалева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша) «Балдәурен» МДҰ

Топ: «Балбөбек» кіші топ

Балалардың жасы 2 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2022-2023 ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	-Музыканы тыңдауға және ән айтуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру. -Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру -Музыка тыңдауға, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып ән айту. -Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету.
Қазан	Музыка	-Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау. -Қарапайым би қимылдарын орындау:шапалақтау, аяқты тарсылдату,денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию. -Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен,сылдырмақ) дыбыстарымен таныстыру.
Қараша	Музыка	-Әр түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. -Әнді топпен айтуға баулу. -Музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер)ажырата білу. - Әнді ересектермен қосылып айту. -Қарапайым би қимылдарын орындау:жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау,айналу.

Желтоқсан	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыкаға деген қызығушылық ояту. - Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. (қанатын жайып ұшқан құстар) -Музыканы тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. -Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау, аяқты тарсылдату, денені оңға, солға бұру.
Қаңтар	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білу; -Барабан аспабын қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу; -Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын музыка ырғағымен ойындарда көрсетуге дағдылану (қанатын жайып ұшқан құстар, секірген қояндар, қорбандаған қонжықтар).
Ақпан	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдауда фортепиано аспабының дыбысталуын ажырата білу; -Сырнай аспабымен және дыбысталуымен танысу, аспаптың үнін тану; -Ән айтуда ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып орындауға ынталандыру; -Музыкалық-ырғақты қимылдар арқылы қарапайым ойындар мен әндерді сахналау.
Наурыз	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру; -Қазақ халқының ұлттық аспабы асатаяқтың дыбысталуымен танысу, үнін тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру; -Музыкалық-ырғақты қимылдарды аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.

Сөзiр	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдауда кейiпкердi иллюстрациялар, әңгiмелер бойынша тану және музыканы есте сақтау; -Таныс аспаптарды ойын әрекетiнде қолдану; -Ән айтуда аспаптың сүйемелдеуiне бейiмделу, аспапты есту; -Сюжеттi музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейiпкерлердiң қимылдарын көрсету дағдыларын дамыту.
Мамыр	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдауда әртүрлi музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендердi тани бiлу; -Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау (сылдырмақ, барабан, бубен, асатаяқ, сырнай); -Ән айтуда әннiң сөзiн, сөз тiркестерiн ересекпен бiрге орындап, интонациясын елiктеу орындау, аспапқа бейiмделуiн бекiту; -Сюжеттi музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейiпкерлердiң қимылдарын көрсету арқылы ойынның бiр эпизодынан келесiге өту және қимылдарды бере бiлу.